Келісемін:____________
Әдіскер:

Бекітемін:____________
ЖШС «Нұрджигит»
«Babi» жеке балабақшасының
директоры Д.А. Азимжамбетова
№1 Педагогикалық кеңес
«29» тамыз 2025 жыл

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025-2026 оқу жылына арналған «Болашақ» ортаңғы тобының ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

## Түсінік хат

Бұл перспективалық жоспар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348- бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» мен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы» туралы 12.08.2016 жылғы № 499-бұйрығының 1-қосымшасына Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422-бұйрығының қосымшасы басшылыққа алына отырып, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557-бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394- бұйрығы негізінде құрылды. Оқу жүктемесі балалардың жас ерекшеліктеріне қарай, санитарлық- гигиеналық нормалар мен ережелерге сәйкес келеді.

Ортаңғы топ: Қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айтады; өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдайды және түсінеді; алынған ақпаратқа сәйкес өзінің ойын білдіреді; күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінеді және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолданады; туыстық қатынасты білдіретін сөздерді түсінеді және атайды; сөз тіркестерінің мәнін түсінеді, оларды өз бетінше құрайды; қысқа тақпактар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтады; сөйлегенде бұйрық райлы етістіктерді жеке қолданады; кітаптағы суреттерді, ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап береді, оларды жай сөйлемдермен сипаттайды; таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталап айтады.

Перспективалық жоспарда балалардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере, ауызекі сөйлеуге, сөздік қорды толықтыруға үйрету; балалардың сыни ойлауын, коммуникативті-тілдік құзіреттіліктерін, креативтілігін және командада жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру көзделді.

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы):** ЖШС «Нұрджигит», «Babi» жеке балабақшасы
**Топ/сынып:** "Болашақ" ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету):** Қыркүйек 2025 жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қыркүйек | Дене тәрбиесі | **Мәдени-гигиеналық дағдылар:**<br>1) мәдени-гигиеналық ережелерді қолдану білімін бекіту. Дербес қимыл әрекетін қамтамасыз ету;<br>2) дербес ойындарында қозғалыс белсенділігін реттеуге мүмкіндік беретін жағдайларды жасау.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары:**<br>1) балаларды шынықтыру серуен кезінде ультракүлгін сәуленің әсерімен ауа, су шараларының үйлесімділігімен қамтамасыз етіледі. Жергілікті және жалпы шаралар қолданылады;<br>2) балалар жылдың салқын мезгілінде, ауа температурасы 15°С төмен болмағанда, 4–5 қабат киіммен далаға шығып, серуендей алады;<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Ересектердің көрсетуі бойынша кейбір қимылдарды орындайды, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындай алады.<br>**Спорттық жаттығулар:**<br>Велосипед тебу. Үш доңғелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру, ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқару;<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>ересектермен бірге дене жаттығуларын орындай алады;<br>негізгі қимылдардың түрлерін игерген;<br>спорттық жаттығуларды орындаудың алғашқы техникасы туралы түсініктерге ие;<br>жеке бас гигиенасының бастапқы дағдыларын меңгерген;<br>шынықтыру шараларын өткізу кезінде жағымды көңіл-күй танытады. |
| | Тіл дамыту | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дағдыларды қалыптастыру:<br>Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білу;<br>**Сөздік қор:**<br>Ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту;<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру,<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу;<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айтады;<br>Дұрыс сөйлеу қарқынына ие;<br>Қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады |
| | **Көркем әдебиет** | **Оқу, әңгімелеу**<br>Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. Балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдайды және түсінеді;<br>бейнелі сөздерді қолданады;<br>таныс ертегілерді сахналауға қатысады;<br>әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін сақтайды;<br>сюжетті эмоционалды қабылдайды, кейіпкерлерге жанашырлық танытады |
| | **Математика негіздері** | **Сан,**<br>"Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Келесі дағдыларды қалыптастыру**<br>біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету;<br>**Шама**<br>Ұзындығы және ені бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру<br>**Геометриялық пішіндер**<br>Геометриялық пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) танып, атай білуге үйрету;<br>**Кеңістікті бағдарлау**<br>Өзінің дене бөліктерінің орналасуына қарай бағдарлай білуге үйрету. Өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру.<br>**Уақытты бағдарлау**<br>Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>Бір затты топтан бөледі және топтарға біріктіре алады;<br>Біртекті заттарды құрастырады және бөліп алады; |

| | | |
|---|---|---|
| | | Екі қарама-қарсы және бірдей заттарды ұзындығы мен ені, биіктігі бойынша беттестіру және тұстастыру арқылы салыстырады;<br>Геометриялық пішіндерді таниды және атайды: дөңгелек, шаршы, үшбұрыш; өзіне қатысты кеңістікті бағдарлай алады;<br>Тәулік бөліктерін – таңертең, күндіз, кеш, түнді таниды және атайды. |
| | **Құрастыру** | **Құрылыс материалдарынан құрастыру**<br>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды кірпіштерді және тігінен, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, сызбаны қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыру<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыра біледі;<br>құрылыс бөліктерін ажыратады және атайды; өзі құраған құрылысын қуыршақтың, ойыншықтардың өлшемдерімен үйлестіреді; |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау:** Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату.<br>**Ән айту:** Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыка сипатын анық ырғақты жүріспен орындау<br>**Билер:** Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату.<br>**Күтілетін нәтижелер:** Қарапайым музыкалық терминдерді, ән айту дағдыларын игерген; пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды; |
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру** | **Менің отбасым.**<br>отбасылық суреттерді қарауға және отбасы мүшелері мен олардың әрекеттерін атауға үйрету. "Отбасы", "Үй", "Демалыста" және басқа мазмұнды-рөлдік ойындарды ұйымдастыру;<br>қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікте бағдарлау;<br>заттар мен олардың шамасын, түсін, пішінін ажырату және атау,<br>қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру;<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру.<br>**Ересектердің еңбегі.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Балабақша, балабақша қызметкерлері туралы ұғымдарын кеңейту.<br>**Қазақстан - менің Отаным.**<br>Балалар тұратын қала мен ауыл, Қазақстан Республикасының астанасы, мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың есімдерін атайды;<br>мазмұнды-рөлдік ойындарда отбасы мүшелерінің рөлдерін сомдайды;<br>қазақ халқының тұрмыстық заттарын атайды;<br>көлік құралдарын атайды;<br>балабақша, балабақша қызметкерлері туралы түсінігі бар;<br>өздері тұратын қала мен ауыл туралы, Қазақстан Республикасының астанасы, мемлекеттік рәміздері туралы бастапқы түсініктерге ие. |
| | Сурет салу | **Заттық сурет салу.**<br>Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру:<br>көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, жануарларды бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (шарлар, бұлт, күн);<br>**Сәндік сурет салу.**<br>Элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, ою-өрнектерді жазықтыққа орналастыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Сюжеттік сурет салу, ойлауы бойынша сурет салу.**<br>Қоршаған әлемнің, өнер туындыларының әсемдігіне, тұрмыстық заттарға, қазақ және басқа ұлттардың ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына ие;<br>сызықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі;<br>негізгі түстерді дұрыс атайды |
| | **Мүсіндеу** | **Заттық мүсіндеу:**<br>Сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру;<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>сазбалшықтың, ермексаздың және қамырдың кейбір қасиеттерін біледі;<br>мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады;<br>мүсіндеуге қажетті негізгі техникалық дағдылар мен біліктерді игерген. |

| | | |
|---|---|---|
| | Жапсыру | **Келесі дағдыларды қалыптастыру:**<br>дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету;<br>бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау;<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген;<br>бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдай алады |
| | Қазақ тілі | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалармен ересектермен және құрдастарымен карым – қатынас жасауына жағдай жасау;<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту.<br>**Сөздік қор.** Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде коршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту;<br>**Күтілетін нәтиже:** Қазақ халкының құндылықтарына қызығушылық танытады. Кітаптардағы суреттерді өз бетінше, басқа балалармен бірге карастырады, көрген суреттері бойынша өз ойын айтады. |

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы):** ЖШС «Нұрджигит», «Babi» жеке балабақшасы
**Топ/сынып:** "Болашақ" ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету):** Қазан 2025 жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қазан | Дене тәрбиесі | **Мәдени-гигиеналық дағдылар:**<br>1) мәдени-гигиеналық ережелерді колдану білімін бекіту. Дербес қимыл әрекетін қамтамасыз ету;<br>2) дербес ойындарында қозғалыс белсенділігін реттеуге мүмкіндік беретін жағдайларды жасау.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары:**<br>1) балаларды шынықтыру серуен кезінде ультракүлгін сәуленің әсерімен ауа, су шараларының үйлесімділігімен қамтамасыз етіледі. Жергілікті және жалпы шаралар қолданылады;<br>2) балалар жылдың салқын мезгілінде, ауа температурасы 15°С төмен болмағанда, 4–5 қабат киіммен далаға шығып, серуендей алады;<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Ересектердің көрсетуі бойынша кейбір қимылдарды орындайды, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді. бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындай алады.<br>**Спорттық жаттығулар:**<br>Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру, ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқару;<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>спорттық жаттығуларды орындаудың алғашқы техникасы туралы түсініктерге ие;<br>жеке бас гигиенасының бастапқы дағдыларын меңгерген;<br>шынықтыру шараларын өткізу кезінде жағымды көңіл-күй танытады. |
| | Тіл дамыту | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>**Дағдыларды қалыптастыру:**<br>дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту<br>**Сөздік қор:**<br>заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға үйрету;<br>балалардың сөйлеу тілін заттардың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>зат есімдерді үстінде.астында, артында, жанында тәрізді көмекші |

| | | |
|---|---|---|
| | | сөздермен бірге қолдану<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттау;<br>ересектермен әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдау және түсіне білу;<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>дұрыс сөйлеу қарқынына ие;<br>қоршаған ортаға қатысты түрлі сұрақтарға жауап береді;<br>барлық сөз таптарын қолданады;<br>қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады; |
| | **Көркем әдебиет** | **Оқу, әңгімелеу**<br>ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға;<br>тақпақтарды, өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға;<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдайды және түсінеді;<br>таныс ертегілерді сахналауға қатысады;<br>тақпақтарды, өлеңдерді мәнерлеп оқиды. |
| | **Математика негіздері** | **Сан.**<br>"Бір-бірден" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>бөлмедегі заттарды ажырату және олардың санын анықтау;<br>заттардың бір тобын екіншісіне бірізділікпен беттестіру және қосу.<br>**Шама.**<br>Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру;<br>**Геометриялық пішіндер**<br>Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеуге үйрету.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>геометриялық пішіндерді тану және атау;<br>**Кеңістікте бағдарлау**<br>Өзінің дене бөліктерінің орналасу бағдарын білуге үйрету.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай |

| | | |
|---|---|---|
| | | орналастыру.<br>2) өзінің дене мүшелерін (басы, аяғы, қолы) бағдарлау және атау.<br>**Уақытты бағдарлау**<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>тәулік бөліктерің тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>бір затты топтан бөледі және топтарға біріктіре алады;<br>екі қарама-қарсы және бірдей заттарды ұзындығы мен ені, биіктігі бойынша беттестіру және тұстастыру арқылы салыстырады;<br>геометриялық пішіндерді таниды және атайды: дөңгелек, шаршы, үшбұрыш; өзіне қатысты кеңістікті бағдарлай алады;<br>тәулік бөліктерін – таңертең, күндіз, кеш, түнді таниды және атайды. |
| | **Құрастыру** | **Құрылыс материалдарынан құрастыру.**<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыру;<br>үлгі бойынша құрастыру;<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыра біледі;<br>сюжеттік ойын міндеттерін пайдалана отырып, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан заттар құрастыра алады |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау:** Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету.<br>Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.<br>**Ән айту:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру жаттығуларын орындау.<br>**Билер:** Таныс би қимылдарын қолдана отырып, ойдан би шығару іскерліктерін дамыту, мәтінге сәйкес әнді жеке сахналау мен шығармашылық тапсырмаларды орындауға баулу.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** Әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке және барлық топпен ойнау.<br>**Күтілетін нәтижелер:** Балалардың музыкалық аспаптарының дыбысталуын тембрі бойынша ажыратады және оларды атайды, балаларға арналған музыкалық аспаптарда жеке және топтың |

| | | |
|---|---|---|
| | | құрамында ойнай біледі. |
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру** | **Менің отбасым.**<br>отбасылық суреттерді қарауға және отбасы мүшелері мен олардың әрекеттерін атауға үйрету. "Отбасы", "Үй", "Демалыста" және басқа мазмұнды-рөлдік ойындарды ұйымдастыру;<br>қоршаған ортаны кабылдау, кеңістікте бағдарлау;<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру.<br>**Ересектердің еңбегі.**<br>Балабақша, балабақша қызметкерлері туралы ұғымдарын кеңейту.<br>**Қазақстан - менің Отаным.**<br>Балалар тұратын қала мен ауыл, Қазақстан Республикасының астанасы, мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың есімдерін атайды;<br>мазмұнды-рөлдік ойындарда отбасы мүшелерінің рөлдерін сомдайды;<br>көлік құралдарын атайды;<br>балабақша, балабақша қызметкерлері туралы түсінігі бар;<br>өздері тұратын қала мен ауыл туралы, Қазақстан Республикасының астанасы, мемлекеттік рәміздері туралы бастапқы түсініктерге ие. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сурет салу** | **Заттық сурет салу.**<br>Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру:<br>көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, жануарларды бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (шарлар, бұлт, күн);<br>**Сәндік сурет салу.**<br>Элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, ою-өрнектерді жазықтыққа орналастыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Сюжеттік сурет салу, ойлауы бойынша сурет салу.**<br>Қоршаған әлемнің, өнер туындыларының әсемдігіне, тұрмыстық заттарға, қазақ және басқа ұлттардың ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>сызықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі;<br>негізгі түстерді дұрыс атайды;<br>қарапайым сюжеттік композицияларды құрайды, қағаз бетіне бейнені тұтас орналастыра алады; |
| | **Мүсіндеу** | **Заттық мүсіндеу:**<br>сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру;<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>сазбалшықтың, ермексаздың және қамырдың кейбір қасиеттерін біледі;<br>мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады |
| | **Жапсыру** | **Келесі дағдыларды қалыптастыру:**<br>желімдеудің техникасы;<br>ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуі;<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген;<br>ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастырады және желімдейді; |
| | **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге қолдану;<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Көрнекілікпен немесе көрнекілі ксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Сөздік қор.** Табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар. кел. айт).<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** Бір – бірімен күнделікті ойында ауызекі сөйлеуді үйренеді;<br>Өздері қолдан жасаған заттардың аттар туралы айтады; |

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы):** ЖШС «Нұрджигит», «Babi» жеке балабақшасы
**Топ/сынып:** "Болашақ" ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету):** Қараша 2025 жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қараша | Дене тәрбиесі | **Қимылды ойындар**<br>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету. Қимылды ойындарды ойнату.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу дағдыларын қалыптастыру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше ретеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Күтілетін нәтижелер:**<br>-қимылды ойындарды қызығып ойнайды;<br>-күнделікті гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін біледі;<br>-өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларына ие;<br>-салауатты өмір салты туралы түсініктерге ие;<br>-үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын біледі;<br>-бірлескен қимылды ойындарға қатысады;<br>-үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын меңгерген; |
| | Тіл дамыту | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.<br>дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге колдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.<br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>дыбыстарды анық айтады; дұрыс сөйлеу қарқынына ие;<br>қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап береді; қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады;<br>сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстырады;<br>зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолданады; |

| | | |
|---|---|---|
| | | ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді, өз ойын айтады; бір-бірімен, ересектермен сөйлеседі; |
| | **Көркем әдебиет** | **Кітаптарға қызығушылықты ояту.**<br>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.<br>Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>-кітаптардағы суреттерді өз бетінше, басқа балалармен бірге қарастырады;<br>-көрген суреттері бойынша өз ойын айтады;<br>-сюжетті эмоционалды қабылдайды, кейіпкерлерге жанашырлық танытады;<br>-тақпақтарды, өлеңдерді мәнерлеп жатқа айтады; |
| | **Математика негіздері** | **Сан.**<br>Біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.<br>**Шама.**<br>Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру арқылы салыстыру.<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>-жаңаны тануға ұмтылады, заттарды қызығып, қуанып зерттейді;<br>-біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді;<br>-қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табады;<br>- екі затты белгілі өлшемі бойынша салыстырады;<br>- ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді.<br>атайды; |

| | | |
|---|---|---|
| | | -өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды: қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі. |
| | **Құрастыру** | Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.<br>Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.<br>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>-құрастыруды қызығушылықпен орындайды;<br>-өзі құраған құрылысымен ойнайды;<br>-ойнап болған соң құрылыс бөлшектерін жинайды |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау:** Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.<br>**Ән айту:** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету<br>**Билер:** Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету<br>**Күтілетін нәтижелер:** Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілік танытады; музыкалық аспаптарда қарапайым әуендерді ойнайды; балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгерген. |
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі.**<br>«Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.<br>Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу.<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>**Заттық әлем.**<br>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.<br>**Көлік, байланыс құралдары.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту.<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райыныңжағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық),табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау** (саңырауқұлактар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).<br>**Күтілетін нәтиже:** |

| | | |
|---|---|---|
| | | отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың есімдерін атайды;<br>сюжетті-рөлдік ойындарда отбасы мүшелерінің рөлдерін сомдайды;<br>әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнай алады;<br>дербестік танытады: киінеді, жуынады және тісін тазалайды;<br>көлік құралдарын атайды;<br>жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелерді біледі;<br>балабақша және балабақша қызметкерлері туралы түсінігі бар;<br>«дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерге ие;<br>туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы түсініктерді меңгерген;<br>кейбір көгөністер мен жемістерді дәмінен ажыратады және атайды;<br>үй жануарлары мен жабайы жануарларды таниды;<br>табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылайды;<br>табиғатқа қамқорлық танытады;<br>табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды және атайды;<br>топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды; әдептілік танытады: амандасады, қоштасады, көмектескені үшін алғыс<br>айтады;<br>балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тазалық сақтайды. |
| | **Сурет салу** | Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер,ыдыс-аяк, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар,бұлттар,күн) заттарды бейнелеу.Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>Сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына ие;<br>Сызықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі. |
| | **Мүсіндеу** | Сазбалшықтан ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып мүсіндеуге үйрету. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>Заттарды мүсіндеуге қызығады;<br>Сазбалшықтың және ермексаздың қасиеттерін біледі;<br>Мүсіндейтін затты зерттейді; |
| | **Жапсыру** | Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, |

| | | |
|---|---|---|
| | | түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып қағазға жапсыру.<br>Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>Желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген;<br>Бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдай алады; |
| | Қазақ тілі | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың бірлескен әрекеттері туралы келісуге баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту.<br>**Сөздік қор.** Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:** Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді, өз ойын айтады, бір-бірімен, ересектермен сөйлеседі; естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтады; қазақ халқының құндылықтарына қызығушылық танытады. Кітаптардағы суреттерді өз бетінше, басқа балалармен бірге қарастырады, көрген суреттері бойынша өз ойын айтады. |

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы):** ЖШС «Нұрджигит», «Babi» жеке балабақшасы
**Топ/сынып:** "Болашақ" ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету):** Желтоқсан 2025 жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Желтоқсан | Дене тәрбиесі | **Қимылды ойындар**<br>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету. Қимылды ойындарды ойнату.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту.<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу дағдыларын қалыптастыру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетінбақылауғаүйрету; сабынды дұрыс қолдануды,<br>қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді дағдыландыру.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері) және |

| | | |
|---|---|---|
| | | зиянды тағамдар (тәттілер, балмұздақ, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>қимылды ойындарды қызығып ойнайды;<br>жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды;<br>үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын біледі;<br>шанамен бір-бірін сүйреп ойнайды;<br>өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларына ие;<br>күнделікті гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін біледі;<br>салауатты өмір салты туралы түсініктерге ие; |
| | Тіл дамыту | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту.<br>Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу,<br>**Сөздік қор.**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.<br>дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, ө ойын айтуға үйрету.<br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, |

| | |
|---|---|
| | ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>дыбыстарды анық айтады; дұрыс сөйлеу қарқынына ие;<br>қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап береді; қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады;<br>сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстырады;<br>зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолданады;<br>ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді, өз ойын айтады; бір-бірімен, ересектермен сөйлеседі; |
| **Көркем әдебиет** | **Кітаптарға қызығушылықты ояту.**<br>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.<br>Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.<br>әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізеді.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>-кітаптардағы суреттерді өз бетінше, басқа балалармен бірге қарастырады;<br>-көрген суреттері бойынша өз ойын айтады;<br>-сюжетті эмоционалды қабылдайды, кейіпкерлерге жанашырлық танытады;<br>-тақпақтарды, өлеңдерді мәнерлеп жатқа айтады;<br>ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнайды. |
| **Математика негіздері** | **Сан.**<br>Көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру. және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.<br>Біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.<br>**Шама.**<br>Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. |

| | |
|---|---|
| | Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру.<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру. ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>-жаңаны тануға ұмтылады, заттарды қызығып, қуанып зерттейді;<br>ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша заттарды салыстырады;<br>-біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді;<br>-қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табады:<br>- екі затты белгілі өлшемі бойынша салыстырады;<br>- ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді.<br>атайды;<br>-өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды; қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі. |
| **Құрастыру** | Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, қолдануға үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>-құрастыруды қызығушылықпен орындайды;<br>-өзі құраған құрылысымен ойнайды;<br>-ойнап болған соң құрылыс бөлшектерін жинайды<br>-әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар тұрғызады; |
| **Музыка** | **Музыка тыңдау:** Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. |

| | |
|---|---|
| | **Ән айту:** Ән айту дағдыларын қалыптастыру. бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту<br>**Музықалық-ырғақтық қимылдар:** Марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.<br>**Билер:** Би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** Балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.<br>**Күтілетін нәтижелер:** Музыкалық шығармаларға көзқарасын білдіреді. оның сипаты, мазмұны туралы айтады; бірінші октаваның «ре» екінші октаваның «до» диапазонында жеңіл дауыспен ән айтады; марш сипатын анық ырғақты жүрумен, музыканың қимыл сипатын – жеңіл және орташа (жоғары-төмен) ырғақпен береді |
